


эрозиясына тең болғанда қабыршық қалыңдығы және сүзгіштік жылдамдығы тұрақталады.



Сурет 10 – Сүзгіштік қабыршағының түзілу сұлбасы

Су негізіндегі жуу сұйықтығының сүзгіштік шығынын толығымен алдын-алу мүмкін емес, оны тек азайтуға болады. Бұны жүзеге асыру жолдары: жуу сұйықтығындағы су мөлшерін көбейгенде, ол тіпті қатты қысым кезінде, қатты фаза бөлшектерімен ұсталып тұрады; ұңғыма қабырғасында пайда болған сүзгіш қабыршақтың өткізгіштігін төмендету; фильтрат тұтқырлығын аттыру және де оның кеуекті ортада жүру кедергілерін арттыру және т.б.

Жуу сұйықтығының сүзгішбергіштігін төмендету мақсатында практикада көп жағдайда полимер қолданады. Оның жұмыс істеу принципі келесідей:

- сүзгіш қабаттағы қатты бөлшектер арасындағы бос кеңістікті мөлшері үлкен полимерлер басып азайтады;
- фильтрат тұтқырлығын арттыру;
- еркін дисперсті ортаның (судың) бос көлемін оған өзінің гидратты қабаты бар полимер молекулаларымен қосу арқылы азайту.

Байланысқан су мөлшері жуу сұйықтығының қатты фазасының, оған енгізілетін химиялық реагенттердің адсорбциясы, сонымен бірге аталған компоненттердің концентрациясы өскен сайын артады. Сүзгіштік жылдамдығы және қабыршық қалыңдығының артуы, жер бетінде зерттеу кезінде, ұңғыма жағдайындағы осы көрсеткіштерге тек жуық болып келеді. Бұдан сенімдірек критерий – сүзгіштік қабаттың өткізгіштігі, себебі ол статикалық және динамикалық сүзгіштікті анықтайтын негізгі фактор болып табылады. Сүзгіштік қабыршақтың өткізгіштігі жуу сұйықтығының қатты фазасының түйіршіктік құрамына және электрохимиялық жағдайына